

"Аудан әкімі аппараты, ауылдық округ әкімдері аппараттарының және аудандық бюджет қаражаты есебінен ұсталатын Солтүстік азақстан облысы Аққайың ауданы атқарушы органдарының қызметтік куәлігін беру тәртібін және оның сипаттамасын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 26 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 8 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 25 қаңтарда № 7102 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Аудан әкімі аппараты, ауылдық округ әкімдері аппараттарының және аудандық бюджет қаражаты есебінен ұсталатын Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы атқарушы органдарының қызметтік куәлігін беру тәртібін және оның сипаттамасын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 26 қаулысының (2017 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4065 болып тіркелді) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының
әкімі*

Р. Елубаев